



КӘСП/2

Сұранысқа сай сапалы қызмет бар



СҰХБАТ/3

«Халық жыр тындамайды деген – негізсіз пікір»



ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ/4

Қырқына шыдадық...


## САПАР

# Байқоңыр: маңызды мәселелер пысықталды

Өткен сенбіде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Байқоңыр қаласына жұмыс сапарымен барды. Онда «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясының бас директоры Дмитрий Рогозинмен кездесті және бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Кездесу барысында Байқоңыр қаласының дамуына бағытталған ынтымақтастық және өзара келісім мәселелері талқыланды. Тараптар шілде айының соңында Мәскеуде өтетін «Байқоңыр» кешені бойынша үкіметаралық комиссияның VI отырысына облыс әкімдігі ұсынған мәселелерді енгізу туралы айтты. Сонымен қатар, Байқоңырдың ұзақ мерзімді даму бағдарламасына қол қою, кешенде еркін экономикалық аймақ құру, қала тұрғындарының баспанасын жекешелендіру, қалаға кіру тәртібін жеңілдету, коммуналдық қызмет тарифтерін төмендету, сондай-ақ, білім беру стандарттарына қатысты мәселелер қарастырылды. Кездесудің қорытындысы бойынша тараптар кешенді мәселелерді талқылау және шешу үшін алдағы уақытта да

осындай іскерлік кездесулерді ұйымдастыруға келісті. Аймақ басшысы алдымен 1200 орындық №277 орта мектепте болды. Облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдбекова қазақстандық білім стандартымен оқытылып жатқан мектептердің алдағы оқу жылына әзірлігін баяндады. Мұнан соң облыс әкімі 7 шағын ауданында салынып жатқан 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылыс барысымен танысты. Жауапты тұлғаларға абақтандыру, қаланы газдандыру, инженерлік желілерді қайта жаңғырту және тұрғын үйлердің құрылысын одан әрі жалғастыруды тапсырды. «Тұрғын үйлердің ауласын абақтандырып, тиісті жұмыстарды тамыз айында аяқтау керек. Ең бастысы, жұмыстар сапалы жүргізілсін», – деді Қуанышбек Досмайұлы.




Келесі кезекте 120 орындық Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы назарға алынды. 2017 жылы пайдалануға берілген емлеу мекемесінің ғимаратында қабылдау бөлімі, жалпы терапия және калпына келтіру бөлімшесі, күндізгі стационар, амбулаториялық емхана орналасқан. Мұнда 26443 ересектер, 14586 балалар мен жасөспірімдер тіркелген.

Сонымен қатар, облыс әкімі «Нулевой квартал» қонақ үйіне және бұрынғы Байқоңыр медициналық техникум ғимаратына барып, қазіргі жағдайымен танысты. Оларды жалдан шығару және басқарманың теңгеріміне беру мәселелері талқыланды. «Жалдан шығару мәселесі бойынша және бос тұрған ғимараттарды жөндеп, пайдалану үшін тиісті ұсыныстар берілсін. Мәселені қарап, шешім қабылдаймыз», – деп атап өтті облыс әкімі.

Н.ӘБЛАХАТУЛЫ.

## БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ



# «Бақытты отбасы» – жаңа бастама

Елімізде табысы төмен отбасыларға арналған «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама бойынша құжат қабылдау басталған күні «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» облыс бойынша филиал директоры Әділжан Сәудебаев БАҚ өкілдеріне брифинг берді.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Айта кетелік, бұл – қарапайым отбасының көптен күткен мүмкіндігі. Табысына қарай бір баспанаға қол жеткізуге жол ашатын бағдарламаның өз ерекшелігі бар. «Бақытты отбасы» бағдарламасына тұрғын үй кезегінде тұрған көпбалалы отбасылар, кемелет жасқа толмаған балалары бар толық емес отбасылар қатыса алады. Осы орайда атап айтарлығы, егер неке бұзылған болса, кемінде үш жыл мерзім өтуі тиіс. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар қатыса алады.

– Бағдарламаның ерекшелігі – несие 2 процентпен 19 жылға берілетіндігі. Оған қатысушылар өзі сатып алатын үй бағасының 10 процентін алдын ала банк шотына салуы керек. Сондай-ақ, міндетті түрде тұрғын үй кезегінде тұруы және атында жылжымайтын мүлік болмауы тиіс. Себебі, бұл бағдарлама баспанаға өте мұқтаж, табысы төмен отбасыларға арналған, – деді банктің жергілікті филиал директоры Ә. Сәудебаев.

Сонымен күні кешенде бастап тұрғын үй инспекциясы тұрғындардан өтініш қабылдай бастады. Бағдарламаға қатысу үшін, ең алдымен, тұрғын үй инспекциясынан жолдама және соңғы 6 айдағы табысы жөніндегі анықтама қажет. Әрі қарайғы жұмыс банкте жалғасады. Мұнда отбасының табысы есептеледі. Бағдарлама талабы бойынша баспанаға мұқтаж отбасының әрбір мүшесінің табыс мөлшері 42500 теңгеден аспауы керек. Мәселен, бір отбасында 5 адам болса, онда оның жалпы кірісі 212 500 теңгеден артық болмауы тиіс. Тағы бір атап айтарлығы, есептеу барысында жәрдемақы табыс көзі болып есептелмейді. Бағдарлама бойынша үй алуға мүмкіндігі бар отбасылар бағасы 10 млн теңгеден аспайтын баспана таңдай алады. Ең бастысы, таңдауға шектеу жоқ. Көпқабатты жана үйден де, қолданыстағы үйлерден де, тіпті, жер үйі алса да таңдау еркінде. Әрине, үй сапасы банк талаптарына сай болуы керек.

Ендігі сауал несие төлемі екені белгілі. Мәселен, пәтер құны 10 млн теңге болған жағдайда төлем мөлшері алғашқы 8 жылда ай сайын 52600 теңгеден болса, қалған 11 жылда ай сайын 36 мың теңгеден келеді.

Жалпы, бағдарлама үш жылға арналған. Оны жүзеге асыру үшін жыл сайын ел қазынасынан 50 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Брифингте айтылғандай, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жылдың өзінде 400 қызылордалық баспанаға қол жеткізеді деп межеленіп отыр.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2019 жылғы 24 шілдеде сағат 10.00-17.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Д.Ысқақовтың қатысуымен «Қызылорда облысын газдандыру мәселесі бойынша» интернет-конференция өтті.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қойылған сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.ed.gov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.



Суреткер Б.ЕСКАНОВ.

## МӘЖІЛІС

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен кеше аппарат мәжілісі өтті. Онда алдағы оқу жылына, жылу беру маусымына әзірлік және еңбек зандарының сақталуы жайы кенінен сөз болды.

Назерке САНИЯЗОВА.

# Жауапкершілік қатан сұралады



Облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдбекованың мәлімдеуінше, жана оқу жылында 21 600 бала мектеп табалдырығын аттамақ. Ал жалпы 293 мектепте 164 500 оқушы білім алады деп жоспарланып отыр.

– 1 маусымнан бастап 1 сыныпқа қабылдау процесі автоматтандырылған жүйеге қосылды. Қазіргі күні қаладағы шағын аудандар бойынша балаларды мектептерге орналастыру картасы дайын, – деді басқарма басшысы.

Осы тұста оқулық мәселесінің маңыздылығы басым. Жана оқу жылына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу үшін жергілікті

бюджеттен 1,7 млрд теңге қаралды. Бүгінде 15 баспамен келісімшарт жасалып, оқулық тасымалдау қызметі бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Кітаптар мектептерге 25 тамызға дейін жеткізіледі. Дегенмен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-7 сынып оқушыларын «Өлкетану» хрестоматиясымен қамтамасыз ету үшін 103,6 млн теңге қаржы қажет екені анықталып отыр.

Облыста үш ауысымды мектеп жоқ. Дегенмен, оқушылар санының жылдан – жылға көбеюі жана білім ошақтарын салудың маңыздылығын көрсетеді.

2-бет.

## НАРЫҚ ЖӘНЕ ЖОБА ЖЕМІСІ

# Иранға ірі қара мал экспортталды

«Сыр маржаны» ЖШС-нан Иран Ислам Республикасына ірі қара экспорттала бастады. Жұырда 56 бас мал тірлеу серіктестікке қарасты бордақылау алаңында өлшеніп, шетелдік «Inchen Broon Cooperative Inc» компаниясына жөнелтілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Қазалылық белгілі кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты Мнажадин Өтеев басшылық жағдайында «Сыр маржаны» ЖШС 2015 жылы «ірі қара мал етінін экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы аясында Қоларық ауылдық округінің Шенгелді учаскесінде 500 басқа арналған мал бордақылау кешенін іске қосқан болатын. Қазір алаңның қуаттылығы 3000 басқа дейін үлкейтіліп, кешенде 20-ға жуық жұмысшы еңбек етуде.

Ауыл шаруашылығы – қашанда ел экономикасының тірегі, алға сүйрейтін жетекші саланың бірі. Елбасының тапсырмасына сәйкес қазір елімізде «Етті мал шаруашылығын дамы-

ту» бағдарламасы қабылданып, жүзеге асуда. 2016 жылы облыс буферлік аймақтан шығарылған, ет экспорттайтын аймақтардың қатарына енді. Бірақ, облыста халықаралық стандартқа сай ет комбинатының болмауынан бүгінге дейін ірі қара, қой, түйе малы тірлей экспортталып келеді. Айталық, биыл облысқа 400 тонна сыыр етін экспорттау жоспары бекітілген.

Алдағы уақытта салада азық-түлік қауіпсіздігі нығайтып, ет экспортының көлемі ұлғайтылмақшы. Себебі, аймақтың еңбек өнімділігін арттырып, сапалы ет өнімдерінің көлемін арттыру мақсатында Қызылорда қала-

сында стандартқа сай ет комбинатының іргетасы қаланды. Ет комбинатының негізгі инвесторы – «Сыр маржаны» серіктестігі, нысан жыл соңына дейін қолданысқа берілмек.

Аталған ет комбинаты іске қосылғанға дейін облысқа бекітілген жоспарды бұқашықтарды тірлей өткізу арқылы орындау жоспарлануда. Осы мақсатта жылдың алғашқы жылы «Сыр маржаны» ЖШС мал бордақылау алаңы арқылы Өзбекстан мемлекетіне 250 бас тірлей мүйізді ірі қара экспортталса, Иран Ислам Республикасына 56 бас бұқашық тірлей экспортталды. Мұнан өзге осы жылдың наурыз айында Иранға 789 бас тірлей қозы жөнелтілген болатын.

Аймақта 2022 жылға дейін агрокарта әзірленіп, оның шеңберінде 2021 жылға қарай ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 5 есеге ұлғайту көзделген. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасатын болады.



## Жауапкершілік қатаң сұралады



– Жаңақорған мен Жалағашта апатты жағдайдағы №169, №34 мектептердің құрылысы жүріп жатыр. Жұмыс келесі жылы аяқталады. Қызылорда қаласындағы 600 орындық мектеп биыл қазан айында, 1450 орынға арналған 3 жеке мектеп қыркүйекте ашылады, – деді хабарламашы.

Сөз соңында басқарма басшысы көпшілікті «Жүректен – жүрекке!» ұранымен 1 шілдеден бастап 30 қыркүйекке дейін жалғасатын республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына атсалысуға шақырды.

2019-2020 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық та қызу қарқын алған. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруа-

шылық басқармасының басшысы Медет Усаинның айтуынша, жылу қазандықтарын жөндеу, Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентіндегі қазандықты газға ауыстыру шаралары кестеге сәйкес жүргізілуде. Осы күні тұрғындарға қажетті көмірдің 5,7 проценті ғана жеткізілген. «Қызылорда жылуэлектрорталығының» қоймасында 4,6 мың тонна мазут сақтаулы.

– «Қызылорда жылуэлектрорталығының» «КазТрансГаз Аймақ» филиалы алдындағы ағымдағы берешегі 139 млн теңге шамасында. Қарыз кестеге сәйкес төленуде және күнделікті қатаң бақылауымызда, – деді басқарма басшысы.

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе жергілікті кәсіпорындар мен мекемелерде еңбек заңнамасының сақталуы,

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағытында өрбіді. Еңбек саласындағы заңбұзушылықтардың 62 проценті жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, қалған бөлігі мемлекеттік мекемелерге тиесілі. Тексеру нәтижесінде 61 жеке және заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 3,1 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Оның 2,8 млн теңгесі өндірілді.

Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Ертілеу Жалғасбаев заңбұзушылықтар көбіне жеке кәсіпкерлік саласында жасалатынын жеткізді. Оның ішінде жұмыскерді еңбек шартын жасаспай жұмысқа жіберу, уақытты жазақы төлемге, еңбек демалысының пайдаланбаған күндері үшін өтемақы төлемей, еңбек шартының еңбек заңнамасына

сәйкес келмеуі, жұмыстан заңсыз шеттетуді деректері жиі кездеседі.

– Мысалы, «ТS Оңтүстік жанар май» серіктестігі басшысының бұйрығымен жұмыскер жұмыстан заңсыз шеттетілген. Оған заңсыз шеттетілген кезең үшін жазақы толық төленді. Мемлекеттік мекемелердің жұмыс берушілері де еңбек заңнамасын елеуі бермейді. Қармақшы ауданы бойынша 19 мектептің басшылары 75 жұмыскерді еңбек шартын жасаспай жұмысқа қабылдаған, – деді ол.

Басқарма басшысы жазақы қарызы, жұмыс барысындағы жазатайым оқиғалар туралы баяндады. Жиын қорытындысында аймақ басшысы тиісті басқармаларға тізбектелген мәселелер ұдайы назарда болуы керектігін қатаң тапсырды.

1-бет.

## Экономика: болжамдар ішінара расталмады

Өткен жылдың соңында Халықаралық валюта қоры 2019 жылға арналған экономикалық болжамын жариялап, осы жылы әлем экономикасы бұрын-соңды болмаған қиындықтарға тап болатынын айтқан еді. ХВҚ мәліметінше, 2019 жылы сауда соғысы салдарынан әлемдік экономика 1,52 трлн доллар табысынан айырылатынын болжады. Бұл өз кезегінде жаһандық нарықтың 17 процентке қысқаруына және жалпы ішкі өнімнің 1,9 процентке азаюына алып келеді.



Халықаралық валюта қоры сарапшыларының пікірінше, 2018-2020 жылдар аралығында әлемдік экономиканың жылдық өсімі 3,7 процент болады. Бірақ бұл өсім жыл өткен сайын баяулап, 2022-2023 жылдарға қарай 3,6 процентке тұрақтайды. Яғни, әлемдік экономика ұзақ уақыт рецессиялық кезеңде болады. 2014 жылдан бері дағдарыстың шылауында келе жатқан Қазақстан үшін ХВҚ-ның бұл болжамы жақсы емес екендігі айтпаса да түсінікті.

Сарапшылар Қазақстан экономикасы 2019 жылы 2008-2009 жылдардағы дағдарыстан да ауыр қиындықтарға тап болады деген еді. Себебі Қазақстан қай уақытта болса да мұнай бағасы мен сырттан келетін инвестицияларға тәуелді болып келеді. Ал келесі жылы әлемдік экономикалық тербелісте сырттан келетін инвестициялар көлемі азайып, мұнай бағасы құлдырауы мүмкін. Жалпы, соңғы айларда АҚШ-тың қаржы-несие саясатын күшейтуі дамушы елдердің экономикасына оңай тимейді. Вашингтонның қысымынан бірінші кезекте Аргентина мен Түркия экономикасы теңселді. Жоғарыда аталған екі елдің

екеуінің де ұлттық валютасы құлдыраудың әлемдік рекорд деңгейіне жетті. Құнысызғандықтан марафоншының қазатын теңгесі де қалып қалмайды.

Иә, халықаралық валюта қоры осындай болжамдарды жария еткен болатын. Уақыт жылдам, әне-міне дегенше 2019 жылдың алғашқы жартыжылдығының алдын ала қорытындысын шығарған жайымыз бар. Халықаралық валюта қоры айтқандай, Қазақстан үшін айтылған болжамдардың бірқатар теріс сценарийлері расталмады. Мұнай бағасы ойдағыдай болды. Инвестиция артты. Экономиканың өсімі 4 процентті, жылдық өлшем бойынша инфляция 5,2 процентті құрады. Теңге әзірге бұрынғы деңгейін сақтап қалды.

Бұл – Қазақстанға қатысты деректер. Ал әлемдік экономикадағы жағдай бұрынғыша күрделі күйінде қалып отыр. АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда тегістерінің әзірге немен аяқталатынын болжау қиындық келтіруде. Бұл орайда бұрынғы болжамның расқа айналатынын сыйайы байқалады.

Ж.ӘЛМАХАН.

### НАЗАР



## Бала құқы бұзылмай тиіс

Күнделікті әдетімен жұмыстан қайтарда автобуска отырдым. Кіп-кішкентай қасиір бала мініп-түскен адамның жолақасын алып, қолындағы тышқандарын санап қояды. Үлкен кісілердің сөмкесін көтеріп, олардың көліктен түсуіне көмектесіп те үлгерді. Елпек қағып, жүргіншілердің қай аялдамадан түсетінін сұрап қоюды да ұмытпады. Жасы 9-10 шамасындағы балаға ұқсайды. Жазғы демалыста екіне қолқабыс еткісі келген болуы керек. Кішкентай қасиірдің қызметіне сүйсінгендер «Бақытты бол!», «Алқан азамат бол!» деп батасын беріп жатты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Жаз маусымы басталысымен еңбекке араласып, жұмыс жасап жүрген осындай балалар мен жасөспірімдерді жиі кездестіреміз. Жалпы, баланың жұмыс істеп, ақша табуына заң қаншалықты рұқсат етеді? ҚР «Еңбек кодексінің» 31-бабында көрсетілгендей, Қазақстанда барлық балаларға жұмыс істеуге болады, бірақ сала мен жасқа байланысты шектеулер бар екен. Мысалы, 14 жасқа дейінгі балаларға кино, театр, циркте жұмыс істеуге болады. Әйтсе де, мұнда баланың денсаулығы мен дамуына залал келмеуі тиіс және оқу процесін бұзбауы керек. Ал 14 жасқа бастап мектеп оқушылары сабақтан бос уақытында, денсаулығына зақым келмейтін жағдайда жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Қазақстан заңнамасында, кәсіпкерлеріне қатысты еңбек заңнамасына толмағандарға тыйым салынған жұмыстар да бар. Атап айтқанда, 18 жасқа толмаған балаларды құмар ойын бизнесіне, түнгі көңіл көтеру орындарына, өндіріс пен алкоголь, темекі, есірткі өнімдерін саудалауға шақыруға тыйым салынады. ҚР «Еңбек кодексінің» 76-бабына сай 18 жасқа толмағандардың түнгі уақыттағы жұмыстарына істеуіне рұқсат жоқ.

Облыстық кәсіпкерлерге толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы Дәурен Тайыровтың айтуынша, бала құқының бұзылуына қатысты әзірге деректер тіркелмеген. Алайда, кәсіпкерлер жасына толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілісіз жүруі, түнгі уақытта кәсіпкерлерге толмаған баланы кәсіпкердің жұмысқа алуы сияқты мәселелер бар.

Мұндай құқық бұзушы адамдарға заң шеңберінде жауап беруге тура келеді. Әсіресе ата-аналар балала-

рын рұқсат етілмеген уақытта жұмыс істеуіне қалағалып отыруы тиіс. Мәселен, қала тұрғыны өз үйінен тыс жерде жүруіне жол бергені үшін әкімшілік жазаға тартылған адам бола тұра, бір жыл мерзімде қайталап, тағы да заң бұзушылыққа жол бергені анықталды. Сонымен қатар қала кәсіпкерінің көмектестіретін жасына толмаған баланы түнгі ауысымдағы жұмысқа алғаны жайлы деректер де бар. Ол кәсіпкерге әкімшілік жаза көрілді, – дейді бас маман.

Бүгінде көптеген ата-ана баласының тын – тебен тапқанын түсіріп көретіні рас. Сондықтан балар жазғы демалыс уақытында қоғамдық жерлерде кішкентай балалардың сусын, балмұздақ, жүгері, жеміс-жидек сатып тұрғанын жиі байқаймыз. Қалаға қарасты елді мекен тұрғыны Әсет Өткелбаев баласының жазғы демалыс уақытында өзіне көмекші болатынын айтады. «Ауламызда піскен жемістерді жинап, оны қалдықтарға әкеліп сатамыз. Өрік, шені шелекпен автобуска салу, оны өлшеу сияқты жұмыстарға балам қолғабыс жасайды. Ертен мектепке баратын кезде киетін киім, оқу құралдарын аламыз ғой. Мені ойымыша, ер баланы еңбекке ерте баулыған дұрыс. Көктем шыға аула ішін реттеу, жер тегістеу жұмыстарын осы баламмен бірге жасаймыз. Базардан сатып алғаннан өзін еңбегімен егіп, қораннан үзіп жегенге жетпейді», – дейді жігіт ағасы.

Баланы еңбекке, сауда-саттыққа, пайдалы кәсіпке ерте жаста баулыған дұрыс-ақ. Алайда, оның денсаулығы мен физиологиялық дамуына кері әсер етпейтін бірінші орынға қоюымыз керек.

### БАСПАСӨЗ ТУРЫ

## Сұранысқа сай сапалы қызмет бар

Кәсіпкерлік саласы экономиканы дамытудың маңызды тетіктеріне айналды. Бұл ретте аралықтардың айы оңынан туып тұр. Мұндағы 4 206 кәсіпкерлік субъектісінің 3 665-і тұрақты жұмыс істейді. Оларда 7 574 адам жұмыспен қамтылған.

Дәулет ҚЫРДАН.



– Кәсіпкерлік нысандарында жұмыспен қамтылғандар жалпы жұмыс істеуге белсенді азаматтардың 23,5 процентін құрайды. Соңғы уақыттары көсібін жаңадан ашатын немесе дамытатын, қайтарымсыз грантка тын идеялармен қатысатын жандар жетерлік. Жыл басынан «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы 120 тұрғын оқу курсынан өтті. 330,1 млн теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылды. Одан бөлек 155,5 млн теңге көлеміндегі 44 жоба мақұлданды. Мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндігін тиімді пайдаланып жатқан кәсіпкерлер көп, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы Сержан Әуесов.

Мәселен, аудан орталығындағы «Айбар» фитнес орталығы «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде ашылған. Халыққа сапалы қызмет көрсетіп келе жатқан орталықтың менгерушісі Әділет Алтайұлы тұрғындардың фитнеске қызығуы өзгергенін айтады.

– Соңғы кездері фитнесің пайдасын ұғынғандар көп. Бұрын жай бір ермек санайтын. Қазір денесін шынықтырады, артық салмақтан арыл-тады. Жастар бос уақытын тиімді өткізеді. Мұның барлығына біздің орталық септесіп жатқаны үшін қуаныштымын, – дейді ол.

Орталықтың жалпы құны 30 млн теңгені құрайды. «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 14 млн теңге несие алған кәсіпкер, қалғанын өз қаражаты есебінен толтырған.

– Жалпы 30 адамға арналған. Бүгін ерлер келсе, келесі күні әйелдер

келеді. Біз ашылғалы тоқтаусыз келіп жатқандар бар. Мектеп оқушыларынан бастап зейнеткерлерге дейін келеді. Жүрек ауруларымен ауыратындарға вельоаттықтырушы арналған. Ең жеңіл сол. Әрі қарай күрделене түседі. Артық салмақтан арылуға көмектесетін, қан айналым жүйесіне әсер ететін, аяқ бұлшық етін шынықтыратын құрылғылар бар, – дейді жаттықтырушы Ерлан Сатыбалдиев.

Ауданда жол бойы сервистік қызмет көрсету нысандары да жүйелі жұмыс істеп тұр. Солардың бірі – «Ай-Жұлдыз» орталығы. Жоба құны 200 млн теңге тұрады. Кәсіпкер Берік Жандәулетов «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 60 млн теңге несие алған. 2015 жылы қазанда ашылған нысанда 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

– Мұнда қонақүй, асхана, монша, дүкен, жанармай бекеті, шұбақ-кымыз ішетін секілді қызмет көрсету орындары бар. Болашақта көлік жөндеу орталығын салу жоспарда тұр. Қызметкерлерімізге төленетін ең төмен жазақы – 50 мың теңге. Жолдан өткендер соқпай кетпейді. Біз де өз кезегімізде сапалы қызмет көрсетіп, жұртшылықтың алғысын алып жүрміз, – дейді менгеруші Гүлзат Майданбаева.

Кісі аяғы арылмайтын нысанның бұл күнгі жай-күйі де жаңаша серпін алған. Алыс жолдан қажыған жолаушының бір сәт тынығып, сергіп аларлық барлық жағдай жасалған.

Арал ауданы.



Серік СЕЙІТМАН:

# «Халық жыр тыңдамайды деген — негізсіз пікір»

«Qazaq Eros» ұлттық жобасы «Тұлпар мініп, Ту алған» республикалық байқауының ресми өкілі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Серік Сейітман Қызылордаға арнайы іссапармен келіп, «Қобыланды батыр» жырын жатқа айтудан өтіп жатқан оқушылар сайысы туралы сұхбат берді.



Етің насихаттауды көздейді. Лияс Есенберлиннің «Көшпенділерінде» қазактың соңғы ханы Кенесарының өз әскерін бастап Торғайдан Созаққа сапар шегетіні көркем баяндалады. Жаугершілік жағдайында мың шақырымға жуық жолды оның әскері 1 аптаның көлемінде жүріп отырды екен. Егер хан Кене казіргі заманда өмір сүрсе, біз оның әскерінің қатарында болуға жарар ма едік? Ол 1 аптада еңсерген жолды біз де жеті күн ішінде жүріп өте аламыз ба? Хан мен ханның әскері қандай қиындықтарға тап болды, қай жерлерге тоқтады — осының бәріне экспедиция жетек-

шісі Бакытжан Тұрлыбек бастаған топ жауап іздеп кайтты. Бүйырғас, әсерші һәм тағұлымды бұл сапар жайлы арнайы түсірілген фильмді тамашалайтын боласыздар.

**Өткен жылғы жеңімпаздың ата-анасы жер алып, үй салуды жоспарлады**

Байқау шарттары қандай, жырды міндетті түрде домбырамен сүйемелдеп, мақаммен орындау керек пе? — Әрбір бастаманың ғылыми негізі болуы керек. Сондықтан, біз бұл байқауды бастаған кезде, ауыз әдебиеті саласының білгір мамандарымен, ғалымдармен көп кеңестік. Елдің пікірі екіге жарылды. Кейбіреулер: «Домбырасын алып, мақамға салып орындайсың дегенді айтты. Бірақ, көшілігі: «Жырды толық жаттақанымыз бекітіп берген жоспар бойынша жүріп, әрбір жағдайды бақылауға айдик. Аудандық іріктеулерді өткізген кезде, таңертеңнен бастап, қас қарайған дейін отырған кездер болды. Қазылар алқасы шын жанаһыр болып, жеңімпаздарды іріктеп, сұрыптап таңдады. Бір ауданнан жырды толық жаттаған бала 10-15, тіпті 100-ден шығуы мүмкін. Оның бәріне бірдей жүлде таратылмайды ғой. Үшеуі ғана келесі кезеңге өтеді. Сондықтан, кем дегенде үш-төрт кезең өткізіп барып, іріктеп шығарған кездер болды. Туралықтың талабын қазылардың алдына биыл да қатан түрде қоюға ниеттеміз.

**Осы жылы масштабтың үлкеюіне байланысты қандай қиындықтар тууы мүмкін? Республикалық байқау қалай өтеді?**

Дәл қазіргі уақытта аса бір қиындық көріп отырғанымыз жоқ. Мақсат айқын, жоспар тамаша. Ауданнан үш бала жеңімпаз болады да, облысқа жолдана алады. Облыста бір ғана бала жеңімпаз атанып, республикалық актық турға өтеді. Елордамызда 17 өңірден келген 17 үздік бала үлкен салтанатты залда бақтарын сынайды. Ал бұл финалды бас ақпараттық серіктесіміз «Қазақстан» ұлттық арнасының тікелей эфирі арқылы бүкіл Қазақстан, ал онлайн режимінде әлем халқы көріп тамашалайды.

**Қатысушылардың арасында бұрын мұндай жобаларға қатысып көргендері бар ма? Әлде бәрі бірінші рет сайыста бағын сынайтындар ма?**

Бізге, қолдағы ақпарат бойынша, бытырғы байқауға қатысып қана қоймай, сол кезде жүлде алған оқушылар да қатысуға өтініш беріп жатыр. Олардың дайындығы биыл да топ-тәуір секілді. Сондықтан, басқа сайыстар білмей тұрғандар, дәл осы «Тұлпар мініп, Ту алған» байқауының бытырғы жеңімпаздары да қатысуға, жүлде алып жатса, таңғалуға болмайды.

**Бірақ, олардың бұрын сайысқа қатысқандықтары ескерілмейді ғой?**

Жоқ, ол ескерілмейді. Байқаудың ережесінде оларға ешқандай басымдық берілмеген. Шарт бәріне бірдей. Кім қалай көрінеді, қалай өзінің қабілетін көрсетеді — сол жүлде алады.

**Байқауға қатысушы оқушыларға қандай үміт артып отырсыздар?**

Мемлекеттің өзі қолға алған шара болғандықтан, оларға біз ғана емес, сол мемлекеттің өзі көп үміт артады. Олар зейінді, өте сауатты ұрпақ болады. Олар «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылғанды, ұлттық қолтық болашаққа тасымалдайтын және сол сәулелі жолдан өмірбаян айнымайтын ұрпақ болып тәрбиеленеді. Бұл балалар ертең үлкен халықаралық гранттарды жеңіп алатын, қайда барса да өзінің қазақ екенін ұмытпайтын һәм ұлықтайтын, осы мемлекетті құрушы қазақ ұлтының ең бір беткеуестері азаматы болатынына бек сенімдіміз.

Әңгімелескен Гәзіза ӘБІЛДА, Гүлдана АХМЕТЖАН.



қатысушылар арасында бұрын мұндай жобаларға қатысып көргендері бар ма? Әлде бәрі бірінші рет сайыста бағын сынайтындар ма?

Өткен жылғы жеңімпаздың ата-анасы жер алып, үй салуды жоспарлады

Байқау шарттары қандай, жырды міндетті түрде домбырамен сүйемелдеп, мақаммен орындау керек пе?

Әрбір бастаманың ғылыми негізі болуы керек. Сондықтан, біз бұл байқауды бастаған кезде, ауыз әдебиеті саласының білгір мамандарымен, ғалымдармен көп кеңестік. Елдің пікірі екіге жарылды. Кейбіреулер: «Домбырасын алып, мақамға салып орындайсың дегенді айтты. Бірақ, көшілігі: «Жырды толық жаттақанымыз бекітіп берген жоспар бойынша жүріп, әрбір жағдайды бақылауға айдик. Аудандық іріктеулерді өткізген кезде, таңертеңнен бастап, қас қарайған дейін отырған кездер болды. Қазылар алқасы шын жанаһыр болып, жеңімпаздарды іріктеп, сұрыптап таңдады. Бір ауданнан жырды толық жаттаған бала 10-15, тіпті 100-ден шығуы мүмкін. Оның бәріне бірдей жүлде таратылмайды ғой. Үшеуі ғана келесі кезеңге өтеді. Сондықтан, кем дегенде үш-төрт кезең өткізіп барып, іріктеп шығарған кездер болды. Туралықтың талабын қазылардың алдына биыл да қатан түрде қоюға ниеттеміз.

Мемлекеттік кірістер департаментінде ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен «Чек таян ет — жүлде ұтып ал» акциясының жеңімпаздарына құрмет көрсетілді. Департамент басшысы Ғалымжан Орынов акцияға халықтың басында болуы көңіл қуантарлық жағдай екенін атап өтті. Науқанның ел қазынасын толтырудағы ерекше маңызын айта келе, жеңімпаздар Айдыр Мұрабаев пен Жібек Рысбекованы арнайы сертификаттармен құттықтап, жеңіске тігелген «iPhone 7» смартфондарын табыс етті.

## Акция аясында екі жеңімпаз марапатталды

ҚР Қаржы министрлігін Мемлекеттік кірістер комитеті фискалдык деректер операторымен бірлесіп 2019 жылғы 1 мамырдан бастап 8 тамызға дейін республика азаматтарына арналған «Чекті талап ет — жүлдені ұтып ал» акциясы өткізуді бастағанын бұған дейін хабарлағанбыз. Акцияның мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру, азаматтардың тауар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретінде өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру, көпестік экономиканың мүшелерін қысқарту болып табылады. Акция кезінде Қазақстанның 18 жастан асқан әрбір тұрғыны кез келген зағты сапты алу немесе ақылды қызметті қолдану кезінде смартфон ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Тек тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төленген сомға берілетін чектерді «Тайпуді» мобильдік қосымшасында тіркеу болды. Акцияға тегін деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-қасалық машиналардың чектерін (Онлайн БКМ) чектері қатыса алады.

## Өрт — тілсіз жау!

Өрман — жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір түрі. Құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштардың бірінесе түрі қатар өсіп, аймаққа әр түрлі тұрағы табиғи темен. Адамның өсімдіктер мен жануарлар дүниесінен эстетикалық ләззат алуына мүмкіндік беріп, қалың қапырығы мен шаң-тозаңынан бір сәт демалып, жасыл желек ортасында терең тыныстағанға не жетсін! Қызылды — жасылды гүлдерге көз тоймай қарап, құстардың сайраған дауысын тыңдап, табиғаттың сұлулығына тамсанудың өзі де жаны жайлылық сыйлайды. Ал, осы кереметтің бәрі әлде-біреуіңнен ұтылып кетуі мүмкін. Оның себебі тілсіз жау — өрттің қаншама шығын әкелетіні айтына да түсінікті болар.

Өрман өрті — абысызға жағылған от, сөнбей қалған шөк, кейде найзағайдан, ауа температурасының өте жоғары болуынан және кейбір азаматтардың табиғат аясындағы демалыс кезінде жәккен от алауларының толық сөндірілуінен, дұрыс сөндірілмеген темекі қалдықтарынан, құрғақ шөптердің мандайында қалған шыны бөтелкелерінің әсерінен пайда болатын апат. Мұндай жағдайлар көбінесе құрғақшылық кезеңдерде, өртег күткен мен өзгезілінің аралығында болады. Оның негізгі себебі — егін алқаптарындағы ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының тиісті деңгейде сақталмауынан туындайды.

Р.БУРАБАЕВ, облыстық өрман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы.

## Сот үкімімен жазаға тартылды

Қала тұрғыны Б.Б. өткен жылдың күз айында ұялы телефонмен облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің кезекші бөліміне қоңырау шалып, облыс орталығындағы мекемелердің бірінші жертелесіне бомба қойғаны туралы хабарлаған. Аталған хабарлама бойынша желді тергеу тобы оқиға орнына барып, тексеру жұмыстарын жүргізді. Алайда, жарылғыш зат табылған жоқ. Осы дерек бойынша ҚР Қылмыстық Кодексінің 273-бабымен (Терроризм актісі туралы) көрінуе жағалған хабарлау) сотқа дейінгі тергеу-тексеру амалдары жүргізілді. Желді-іздіестіру шараларының нәти-

жесінде Қызылорда қаласының Полиция басқармасының жедел уәкілдерімен 12.11.2018 жылы Б.Б.ның ұстап, ұялы телефонды заттай бөлденіме ретінде алынды. Тергеу-тексеру нәтижесімен кудіктінің қылмыстық құқық бұзушылық әрекеті тулығымен дәлелденді. Ол кінісін толық мойындады. Биылғы жылдың 4 қантары күні қылмыстық іс айыпту ақтісімен сотқа жолданды. Қызылорда қалалық сотының 28.01.2019 жылғы үкімімен сотталушы Б.Б. ҚР ҚК-нің 273-бабымен кінәлі деп танылып, 2 жылға бас бостандығынан шектеу туралы шешім қабылданды.

## Заңнама бұзған шетелдіктер анықталды

Шілде айының 16-19 аралығында облыс аумағында «Заңсыз келуші — жаз» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті деп хабарлайды Полиция департаментінің баспасөз қызметі. Шара барысында еліміздің көші-қон заңнамаларын бұзған 595 шетелдік анықталды. Сонымен бірге, ҚР ӨҚБ-ТК-нің 518-бабымен (Шетелдіктерді қаса азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың ҚР-ның халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) Қазақстан Республикасының 56 азаматына және

«СБ» ақпарат.

## Тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы

Тауар таңбасы — бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінің бір заңды немесе жеке тұлғалардың осы тектес тауарларын немесе көрсететін қызметтерін ажыратуға мүмкіндік беретін таңба. Тауар таңбасы өнімді дара-ландыру тәсілі болып табылады, бұл тәсілді меншіктену құқығы заң бойынша зияткерлік меншікке жатады. Тіркіелген тауар белгісіне куәлік беріледі. Тауар таңбасы ретінде сөз, бейне, көлем және басқа таңбалар немесе олардың құрамдастырылған түрлері тіркелуі мүмкін. Тауар таңбасын иеленушінің оны пайдалануға заңмен қорғалған айрықша құқығы болады. Тауар белгісі заңмен қорғалады және оны тауар үшін тауар белгісі ретінде тіркелген бүкіл тауарға немесе оның бір бөлігіне қатысты жасалған шарт бойынша басқа бір заңды және жеке тұлғаларға беруге болады. Қазақстан Республикасының Заңына «Тауар таңбалары туралы, қызмет көрсету таңбалары және шығарылған жерлердің атауларын» тауар таңбаларын құқықтық қорғау осы Заңда белгіленген тәртіппен және тіркеуісіз олардың тіркеу негізінде

халықаралық шарттарға сәйкес қамтамасыз етіледі. Тауар таңбасы (сауда таңбалары) фирмалық тауарларға, орамаларға (тоғанактарға), сызбаларға, анықтамалықтарға, шоттарға, бланкілерге, затбелгілерге және тауарлармен, жұмыстармен, қызметтермен қоса жүретін басқа да құжаттамаларға ба-сылыады. Тауар таңбасы зияткерлік белгілерге жатады және негізгі құрал-жабдықты ақыға сатып алған жағдайда айналымнан тыс активтердің құрамында есептеледі. Егер тауар таңбасын субъектінің өз әзірлеген болса, онда мұның өзі оның өнімі, тауары саналады, оны өткізу сәтінде және тек оны сатып алған тарапта ғана оның бейматериалдық актив деп бағалануы мүмкін. Тауардың арнаулы (жеке бастан) пайдалануына немесе қайта сатуына арналды, ал статистика мақсаты үшін — есеп айырысуы немесе қолма-қол есеп айырысуы немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу) заң жүзінде болып сәуаданың басты белгісі болып табылады. С.ИБРАЕВ, Шиеді аудандық Әділет басқармасының басшысы, ҚР Заңгерлер одағының мүшесі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жағары қолдәжі» шаруашылық құрылыс құқығындағы коммуналдык мемлекеттік кәсіпорнына байқау кәсіпорны мүшесі алауымды денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жағары қолдәжі» ШЖҚ КМК, индексі 120001, Қызылорда қаласы, Ыбырай Жақиев көшесі №18, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-05-13 е-mail: Kzmedcollege@mail.ru Негізгі қызметі: Білім беру саласында өндірістік

шаруашылық қызмет көрсету болып табылады. Байқау кәсіпорны сайланды және қойылатын талаптар жағары білімінің болуы, сондай-ақ төменгі мынадай талаптардың біріні: 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің; 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің; 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 5) жағары білім туралы құжаттың көшірмесі; 6) еңбек кітапшасының (оп болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнына қабылданған және еңбек шартының тоқтылғандығы туралы құжаттардың көшірмесі; 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық бөлімшелерінен сотталығы және сұбылмас жекеорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігі туралы берілген растайтын құжаттар. Үміткер конкурстық өтінішін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып жапсырады. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй, мекеңжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс. Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3037).

ТАТУЛЫҚ ТАМИРЫ

# Халықаралық автошеру – Қызылордада

Мәскеу қаласының Қызыл алаңынан бастау алған «Звездков» халықаралық автошеруі Қызылорда қаласына келіп жетті. «Достық үйіні» алдынан қарсы алған қызылордалықтар қонақтарға ерекше сый-құрмет көрсетті. Автошеру қатысушылары алдымен қазақы дәстүрге сай түрлі астан дәм татты. Мұнан соң «Достық үйіні» мұражайымен танысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Автошерудің негізгі мақсаты – Ресей Федерациясындағы көптүрлі халықтың азаматтық бірлігін нығайту және Ресейдің Қазақстан, Қазakistan, Монғолия, Қытай, Корей Республикасымен халықаралық байланысын дамыту. Халықаралық автошеру өткізу Еуразия кеңістігінің мемлекеттері арасындағы достық қарым-қатынасын орнату мен экономикалық, мәдени және гуманитарлық серіктестікті кеңейту үшін өте маңызды. Экспедицияға қатысушылардың арасында Ресей және Корей қоғамдық

мекемелерінің басшылары, саяхатшылар, тілшілер және фотографтар бар.  
Халықаралық автошеру «Ресей халықтарының Ассамблеясы» жалпыресейлік қоғамдық мекемесінің ұйымдастыруымен Мәскеу қаласынан бастау болатын. Арнайы жабдықталған 10 көлік жеті мемлекет аумағын, соның ішінде Солтүстік және Оңтүстік Кореяны, барлығы 30 мың километр жерді аралап өтуде (бағыты Мәскеу – Ташкент – Нұр-Сұлтан – Улан-Батор – Пхеньян – Пекин – Сеул – Мәскеу).



Қонақтардың қатысуымен баспасөз-конференциясы ұйымдастырылды. Онда «Қоғамдық келісім» КММ директоры Уәлихан Ибраев қонақтарға алғысын білдіріп, сәт сапар тіледі.  
– Сыр елі – Алаштың анасы болған құтты мекен. Біздің өңірде түрлі ұлт пен ұлыстың

өкілдері ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Шерудің мақсаты да ұлттар татулығын арттырып, елдің бірлігін нығайту. Бұл ретте, сіздерге алғысымызды білдіреміз. Сәтті сапар болсын! – деді ол.

Өз кезектерінде автошерушілер де қонақжай қазақ халқына деген ризашылықтарын жеткізді.

Баспасөз-конференциясынан кейін автошеруге қатысушылар Корей халқының батыры Хон Бом Доның ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімне қатысты.

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ

## Қырқына шыдадық...

– Ура-а, бүгін салқын болады!  
– Койыш-ей...  
– Жаңа ауа райынан айтты, Қызылорда 38 градус деп.

Басқа жақтың жұрты бұл диалогты әзіл деп түсінуі мүмкін. Бірақ, бұл – біздің қызылордалықтардың қалжыны емес, екеуара сөйлесуі. Себебі шілде шыққалы бері күннің ыстығы 40 градустан төмен түскен жоқ.

Дүйсенбек АЯШҮЛЫ.



«Англияда 30 градус, жұрт көшеде үстіне шелек-шелек су құйып жатыр. Алманияда – 35, адамдар аузын бақалай ашып, басын қайда тығарын білмей жүр, Францияда – 40, тал түсте талып құлап жатыр. Қызылордада – 56, қазақтар самаурының құлағынан ыстық шайды бұлақша ағызып, әңгіме соғып отыр». Тіпті, осындай бұралқы сөз де шығыпты. Негізі бар. 56 болмаса да, елуге жақындаған шығар.

Біз расында да, төзімділік жағынан әлемде бірінші орын алатын халықпыз-ау. «Шілде» сөзі араб тілінен аударғанда «қырық» деген мағына береді-міс. Бұрын қазақтардың мұсылмандық ұғымында «шілдеге түсу» деген болған. Медресе бітіріп, шатырхат алған үздік шәкірттер – дәруіш, соны, ақындар жер астына түсіп, қырық күн бойы ешкімді көрмей, сөйлемей,

тек Алламен ғана үнсіз тілдескен. Мұны қазіргіше медитация деуге болады. Соған төзген қазақпыз. Түркістан маңында, Қарнак елді мекенінде сол ескі медресенің орнындағы қылуға әлі күнге бар дейді, көргендер.

Әуелде қырық күндік мезгіл ретінде айтылып, кейін отыз күндік ай ретінде қолданылып, қалыптасып кеткен шілдені қазақ «ұлы шілде», «кіші шілде» деп екіге бөледі. Есетілерінің айтуынша, жаздың ыстығы мен қыстың суығы қырық күндік уақытпен есептеледі. Халық астрономиясында «қырық күн шілде» дейтіні сол.

Жазғы шілде 25 маусым мен 5 тамыз арасындағы жаздың ең ыстық қырық күні болса, қысық шілде 25 желтоқсан мен 5 ақпан аралығын құрайды.

Бұл табиғат құбылыстары Үркердің жерге енуі мен тас төбеде шақыра-

лып тұру уақытымен пара-пар есептелеген. Бірақ шілде сөзі қыстың емес, жаздың екінші айына атауға негіз болған. Қазақтар үшін қыстың ызғарынан гөрі, жаздың ыстығына төзу шыдамдылық сипаты секілді. «Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамай-сың ба?» – деудің сырғы осында.

лері ашқарыға ішілген бір кесе ыстық су адамның өмір жасын ұзартып деп тұрқырым жасаған. Оның себебін ыстық су түн ішінде жиналған асақандағы зиянды микробтарды өлтіреді деп түсіндірген. Сондай-ақ, бұл бас сақинасынан, қан қысымының жоғарылауынан, қаназдықтан, семіздіктен, буындардың қабынуынан айықтыратын тәсіл болса керек. Мұны айтып отырған Тибет медицинасының бүкіл әлемде мойындалған біріміз білеміз. Осыны маңдайға алған қытайлар домханаларда тамаққа тапсырыс әкелместен бұрын бір кесе ыстық су ішуге дағдыланыпты. Ал, Құдай бізге бұл нығыметті жаз ыстығы мен еуропалықтар сияқты салқын суын іше бермей, ыстық шайға құмарландыру арқылы өзі беріп тұр.

Ақыры шілде туралы айтып отырған соң Әсет, Есет есімді жігіттердің қаперіне де бір сөз салайын. Жақында Әсет есімді бір інім өз атының мағынасын «бал» сөзінен шыққан деп отыр екен. Шамамы «әсел» сөзімен сәл шатастырса керек.

Шілде байырғы қазақ күнтізбесіндегі жылдың айлары бойынша «әсет» деп аталған. Кейде «асада» деп қолданылады. Мәселен, Асадулла деген есімді білеміз. «Асада» сөзі арабша «арыстан» дегенді білдіріп, жылдыз айлары бойынша «Арыстан шөкжұлдызының» атауы болып табылады. Өз ішіміздегі Әсет, Есет (тілімізде «ә» мен «е»-нің ауысуы бар, «әп, бәлде», «еп, бәлде» сияқты...) деген кісі аттары осы арабшадағы «асада», яғни, «арыстан» мағынасын береді. Сондықтан әлгі ініме араның ұясындағы бал болмай, даланың қиясындағы арыстан бол дегім келеді.

Мінекей, бірді айтып бірге кеттім, шілде айының шығатын кезі де жақындап қалды.

Қырықна шыдадық, қырық біріне шыдайық.

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

XXI ғасыр – арпалыс ғасыры. Күніне жүз жаңалық, мың қылқ көретін болдық. Әлем қызыққа толы. Дүниенің мына шетінен ана шетіне қалай барамын деп ойланбасаңыз болады. Бар ғаламды ғаламтор арқылы кезсіз, көресіз естисіз, білесіз. Бірақ виртуалды түрде. Бұл жақсы ма, жаман ба? Кім білсін?

## Интернетте өтті ғой, өмірімнің көп күні

Бүгінгі таңда адамзат ғұмырының төрттен бір бөлігін интернет алады екен. Көбісі бостан-босқа тәлімдену уақыт жұмсайды. Дүниежүзілік сарапшылар есебі бойынша, интернетке әрбір адам шамамен 6 сағат, 42 минутын жатталды деседі. Бұл – бір жылдың 100 күніне тең.

Ал, смартфондарды пайдаланушылардың саны – 5,11 миллиард адам. Шамамен алғанда, Жер шары халқының 67 проценті. Ғаламтор пайдаланушылардың саны – 4,39 миллиард адам. Енді бағамдай беріңіз, Жер бетіндегі 8 миллиардқа жуық адамның тең жарымынан көбісі интернетке тәуелді!

Сонғы 25 жылда ғылыми техника қатты қарыштап дамыды. Мобильді қосымшалар, планшеттер, телефондар айналымға енгізіле бастады. Осының нәтижесінде кітаптан телефонға, қала берді, ғаламторға жіпсіз тоғытылғандар көбейді. Тіпті, алпауыт Ұлыбритания елінде құлақ ауруымен ауыратын жастар саны 60 процентке жеткен. Сонымен қатар ғылыми технологияның отаны саналатын Жапонияда көзділдік тағатындардың үлесі артқан. Басым көпшілігі – жас жеткіншектер. Осындай дерттің алдын алу үшін қазір мектеп оқушыларына интернетті пайдалануда арнайы шектеулер қойған. Бұл елдің халқы интернетке орта есеппен ең көп дегенде күнге 3 сағат 45 минут бөледі екен. Соның нәтижесінде ғаламторда аз уақыт өткізгендердің көшін Жапония бастап тұр.

Бізге де ұлт аларлық бастама емес пе?! Интернет тілін білгенге – пайда, білмегенге – күзбен пара-пар. Пайда ойламай, арлы ойлап жатқандар ол әлемде аз кезігеді. Кезінде ғаламтор пайда болғанда мынадай пікір қатар шыққан еді. «Компьютерде отырғандарды кітап оқығандар басқарды» деген. Хош! Солай болсын-ақ, Біздер жапон халқының қалай үлгі індетің алдын алғанын көрдік. Ендеше кеш болмай тұрғанда бізге де бір жолын табу керек. Ешнәрсе шынайы сөйлесіп, кеңесіп шешкенге жетпейді. Интернет адамзаты емес, адамзат интернетті басқарсын демекпіні.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



БОКС

## Турнирде топ жарды

Нұр-Сұлтан қаласында өткен VII Халықаралық турнирде қызылордалық қос боксшы Тұрсынбай Құлахмет пен Қамшыбек Қоңқабаев топ жарды.

Тұрсынбай Құлахмет 75 келіде сынга түсті. Ол ақтық сында ресейлік Вадим Туковты айқын басымдықпен жеңді. Нәтижесінде өз салмақ дәрежесінде чемпион атанды.

Ал Нұрлан Сапарбаймен күш сынасқан Қамшыбек Қоңқабаев 91 келіден жоғары салмақта алтыннан алқа тақты. Өткен жылғы олимпиада чемпионның басым түскен Қамшыбек бокстан ұлттық

құраманың капитаны екенін айта кеткен жөн.

Естеріңізге сала кетейік, биыл Таиландтың Бангкок қаласында өткен Азия чемпионатында Тұрсынбай Құлахмет чемпион болса, Қамшыбек Қоңқабаев күміс жүлдеге ие болған.

Әлем чемпионаты 7-21 қыркүйек аралығында Ресейдің Екатеринбург қаласында өтеді деп күтілуде.

## Жәнібек кіммен жұдырықтасады?

Орта салмақтағы отандасымыз Жәнібек Әлмаханұлының келесі қарсыласы белгілі болды. Жекпе-жек 17 тамызда Лос-Анджелесте Banc of California Stadium аренасындағы бокс кешінде өтеді.



Боксшының қарсыласы 32 жастағы канадалық Стюарт МакЛеллан (27-3-3, 11 КО) болады. Кезлесе он раундқа жоспарланған.

Бұл шоуудың басты жекпе-жегінде екінші жеңіл салмақта WBO тұрқырымы бойынша әлем чемпионы Эмануэль Наваррете (27-1, 23 КО) мен америкалық Франиско Де Вака

(20-0, 6 КО) жұдырықтасады. Жәнібек кейінгі жекпе-жегін 12 сәуірде Лос-Анджелесте мексикалық Кристиан Оливейраға қарсы өткізіп, төрешілер шешімін жетіске жеткен еді. Осылайша, қазақстандық боксшы WBC Continental Americas және екінші деңгейлі WBO Global белбеулерін иеленген.

ТЕННИС

## Рыбакина жеңімпаз атанды

Отандасымыз Елена Рыбакина Бухарест WTA турнирінің жеңімпазы атанды. Әлемдік рейтингте 106-орынға тұрақтаған теннисші ақтық сында румыниялық Патриция Марья Тигтен кездесті.

Бұл – оның WTA жарысындағы алғашқы финалы. Ал оның қарсыласы 24 жасар румыниялық спортшы жарықта мен сабилі болуына орай 18 айдан соң кортка шықты.

Бірінші партияда есеп 1:1 болған мезетте Е.Рыбакина брейк жасап, өзгейім алды – 3:1. Бұдан кейін де ол тағы бір брейкке қол жеткізіп, қаркы-

нын бәсеңдеткен жоқ – 6:2. Сайыс қалай басталса, солай аяқталды. Рыбакина Патрицияға бірде-бір гейм берместен 6:0 есебімен 1 сағат 5 минут бойына басым түсті.

Осылайша жиырма жасар спортшы жүлде қоры 226 750 АҚШ долларына бағаланған жарыстың жеңімпазы атанды.

ТАЭКВОНДО

## Қоржында – екі қола

Тәэквондодан Азия чемпионатында екі қола медаль енімізде. Иорданияның Амман қаласында өтіп жатқан дүбірлі додаға 28 мемлекеттен 385 спортшы қатысып жатыр.



Байрақты бәсекеңің бірінші күнінде қазақстандық спортшылар екі медаль жеңіп алды. 52 келідегі Балнұр Спәбек пен 68 келідегі Нұрриза Тұрарова үздік үштікті түзіндеді. Одан бөлек, төрт спортшымыз алғашқы бестікке енді.

«СБ» ақпарат.

www.facebook.com/syrboyi.kz / https://twitter.com/syrboyi / www.instagram.com/syrboyikz



Меншік иесі  
**СЫР МЕДИЯ**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.